



МЕКТЕПКЕ ҚАШАН
ОРАЛАМЫЗ?

2-БЕТ | ЕЛ ТЫНЫСЫ



ҮЙІРМЕГЕ ҮЙІР БОЛ!

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



АЛЫП ТРАКТОР
ТАРИХЫ

8-БЕТ | ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы – бұл ел тарихындағы айрықша маңызды кезең. Біз осы жылдарда атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы мақсатымызды айқындаймыз. Қазір заман басқа. Адамдардың санасы да айтарлықтай өзгерген. Оған қоса, бүгінде барша әлем жұртшылығы күрделі кезеңді бастан өткеруде. 30 жылдықты біз қолға алған реформалар аясында ұйымдастырған АБЗАЛ. Еліміз егемендіктің келесі белесіне тың өзгерістермен қадам басқалы отыр. Алдағы он жылда елдің жаңа келбетін және ұлттың жаңа болмысын қалыптастырамыз.

4-БЕТ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

№24 (4148) Сейсенбі 2 наурыз 2021 жыл

NurSultan

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АӨАРАТ



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ МЫҢ АЛҒЫС!

Елордада Алғыс айту күніне орай «Қазақстан – берекелі шаңырақ», «Жүректі жылытар мейірімділік», «Қан тапсыр – өмірді сақта» қайырымдылық акциялары, «Туған елге мың алғыс!» видеоэстафета челленджі, концерт, флешмоб, сонымен қатар, қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтарының қатысуымен тікелей эфир ұйымдастырылды. «Қазақ еліне мың алғыс!» монументіне гүл шоқтары қойылды.

СПОРТ



СУПЕРКУБОК КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?

Биылғы футбол маусымы 2 наурызда Қазақстан суперкубогы ойындарымен басталады. Жаңа форматта өтетін турнирде Алматының «Қайрат», Қостанайдың «Тобыл», елорданың «Астана» және Қарағандының «Шахтер» командалары сынға түседі. Финал 6 наурызда ойналады.

«БҰРҚАСЫНДА» БУЫРҚАНДЫ, БУСАНДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында жыл сайынғы дәстүрлі «Бұрқасын-2021» қысқы фестивалі өтті. Қала тұрғындарының көңілін көтерген спорт мерекесінде жүзден жүйріктер жеңімпаз атанды. Шаңғы жарысына 4 жасар бүлдіршін де қатысып, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

8



ЕКПЕ ЕГУ БАСТАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында 1 наурыздан бастап КВИ-ға қарсы екпені мұғалімдер, балабақша тәрбиешілері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері ала бастады.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша бұл топқа 15 мыңнан астам адам кіреді.

Осы санаттағы адамдарды вакцинациялау үшін 36

алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында екпе егу бөлмелері ұйымдастырылды. Сондай-ақ екпе салдыртуға ведомствоаралық ұйымдар да қатысады. Елордада 1 ақпан-

нан бастап барлығы 2126 адам коронавирустық инфекцияға қарсы екпе алды. Өткен демалыс күндері басқарманың қоймаларына 7 мыңнан астам жаңа доза вакцина түсті.



ЕЛДЕН НЕГЕ
КЕТТІ ЕКЕН?

КӨШІ-ҚОН
БАРЫСЫНА
ҮҮІЛГЕНДЕ...

6-БЕТ

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАРАТЫЛДЫ

Елорданың этномәдени бірлестіктері ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Алғыс марафоны» акциясында халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсетті.

– Алғыс айту күні қарсаңында Қазақстан халқына, отбасыларға, ата-аналарға, көршілерге алғыс білдіруге бағытталған іс-шаралар өткізіледі. «Мұқтаж адамдарға көмектес» шарасы жалғызбасты адамдарға, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған адамдарға, көпбалалы отбасыларға бағытталды. Мұндай акциялар ассамблеяның ауқымды іс-шараларды ғана емес, қайырымдылық істерді де өткізетіндігін көрсетеді, – деді Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы этносаралық қатынастар бөлімі Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының бас маманы Галина Кобзева.

Ассамблея еріктілері әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға 70 азық-түлік қоршап-сын таратты. Оның ішінде күріш, ұн, қант, макарон, кондитерлік өнімдер, жеке гигиена заттары кіреді. Акцияның демеушілері – меценаттар, ҚХА кәсіпкерлер кеңесінің өкілдері.

Азық-түлік қорабын тасымалдауға 150-ден аса адам қатысты.



ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРҒА КӨМЕК БЕРІЛДІ

Алғыс айту күні астаналық әлеуметтік аз қамтылған 30 отбасыға азық-түлік себеттері тапсырылды.



Бас шаһарда Алғыс айту күніне орай әрі егемендіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Magnum Cash & Сагу» сауда орталығының қолдауымен «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы әлеуметтік аз қамтылған 30 отбасыға, «Астана тазалық» ЖШС қызметкерлеріне және Ауған соғысы ардагерлеріне азық-түлік себеттерін табыстады.

Аталмыш шараға ҚР Қорғаныс министрлігінің өкілдері, Нұр-Сұлтан қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының жастармен жұмыс бөлім басшысы Ақулан Тастемір, «Астана жастары» ЖРО өкілі Арайлым Сапарәлі, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек қатысты.

– Елордалық «Жас сарбаздар» мереке сайын құттықтап, қолдау білдіріп жүреді. Қақаған қыста қар күреуге көмектесіп, ыстық бауырсақтары мен шайын ұсынып, көңіл күйімізді көтеріп тұрады. Осындай жастар барда еліміздің дамуына үмітіміз мол. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне, «Жас сарбаздарға» алғыс білдіреміз, – деді «Астана тазалық» ЖШС қызметкері Г.Сәдуақасова.

ЖЫРЫ ЖАҒАНДЫ ШАРЛАҒАН

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Мемлекеттік академиялық филармониясының «Қорқыт» этноансамблі Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Жыры әлемді шарлаған» атты онлайн-концерт өткізді.

Бала жасынан домбыраны серік етіп, ел ішіне ақындығымен танылған, екі ғасырдың куәсі болып, саналы ғұмырын ән мен жырга арнап, ұрпағына мол мұра қалдырған КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жыр алыбы Жамбыл Жабаев – өз заманының жоғын жоқтап, мұңын жырлаған Асан қайғы, Қазтуған, Шалқияз, Доспанбет, Жиенбет, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Қаблоса, Сүйінбай сынды жыраулар мектебінің соңғы өкілі.

Ауыз әдебиетінің алыбына балаң ақын жасынан өлең-жырға қанып өскен, өз

анасы Ұданның ақындық талантын бойына сіңірген, «Менің пірім – Сүйінбай...» деп өзі жырға қосқандай, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім-тәрбие алған. «Қорқыт» этноансамблі, «Шалқыма» би ансамблімен бірге Айгүл Қосанова, Арайлым Рахымқызы, Нұрай Танабаев, Алуа Қалымбекова, Данияр Мұқан, Перизат Тұрарова, Жазгүл Данылбаева, Айдос Онғарбай, Арафат Исаков сынды өнер иелері ән салды.

Осылайша өлмейтұғын артында із бен сөз қалдырған баба мұрасы насихатталды. Дархан КӨКЕБАЕВ



БАЛАЛАР АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

«Мичурин» тұрғын алабында Алғыс айту күніне арналған мерекелік турнир өтті.

«Мирас» және «Эверест» аула клубтарының арасында футболдан өткен жолдастық кездесудің алдында бірлескен жаттығу ұйымдастырылды.

Ересек жасөспірімдер ойынында алаң иелері «Мирас» командасы 9:3 есебімен жеңіске жетсе, кіші топта «Эверест» командасы өз қарсыластарын 10:2 есебімен ұтты.

Ойыннан кейін аула клубтарының жетекшілері Алғыс айту күні туралы әңгімелеп, балаларға зор денсаулық, білім мен спортта жетістіктер тілеп, достық көңілде өткізген ойындары үшін алғыс айтты.

Жолдастық жарысқа қатысушылардың бәрі алғыс хатпен марапатталды.



ШҚО

Бородулиха ауданының Зинковқа ауылында іскер азаматтар көпке үлгі болатын іс жасап жүр. Олар бірлесіп ауылды көркейтуге білек сыбана кіріскен. Кәсіпкерлер поштаның ескі ғимаратын өз қаражаттарына күрделі жөндеуден өткізді. Сондай-ақ балалар ойнайтын жабық хоккей кортын салып берді. Мұнымен қоса, бір топ белсенді кәсіпкер аудандағы амбулаторияны жөндеуге де демеушілік жасаған.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Өңірде COVID-19 жұқтырғандарды емдеуге арналған иммундық плазма қоры жасақталу үстінде. Ол індеттен айғып шыққан адамдардың қанынан әзірленеді. Бұл – дүниежүзілік ғалымдар зерттеуімен дәлелденген тәжірибе. Соның Қызылордада сәтті қолданысқа енгізілгені қуантады. Қазір ауырып жатқан науқастардың иммунитетін көтеру үшін ауырып кеткен адамдардың плазма сарысуы құйылады.

АҚТАУ

Ақтаулық оқушы «Смарт-бақ» жобасын жасады. Дарынды жеткіншек Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сыныбында оқиды. Айтуынша, баламалы энергия көздері қолданылатын бақша шөлейтті аймақтарды көгалдандыру үшін қажет. Оқушының бастамасы білім ордасының IT-зертханасында жүзеге асты. Жобаның ең негізгі бөлшегі – «смарт-пальма» нанотехнологиялармен жабдықталған.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ



– Баспана мәселесі қашанда өзекті. Әсіресе әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасылардың пәтер алуға жағдайы жоқ. Осы бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатқанын айта кетсеңіз.

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– 2018 жылы 1100 әлеуметтік пәтер берсек, 2019 жылы 2900 әлеуметтік пәтер (бұл кезектегілерге), 2020 жылы жеті мыңнан астам қолжетімді пәтер пайдалануға берілді, бұлар – кезекте тұрғандар мен «Отбасы банк» салымшылары. Бұл жылы жоспарымыз одан да көп. Он мыңнан астам әлеуметтік баспана беруді ойлап отырмыз. Алғашқы жарна үшін берілетін сертификат көлемі өткен жылы 1 млн теңге болса, биыл 1,5 млн теңгеге өсті, бұл – мұқтаж адамдар

үшін айтарлықтай көмек. Бұрын мұндай көмекті алуға үш санаттағы адамдар кезекте тұрса, енді олардың саны 9 санатқа жетті. Тұтастай алғанда, баспана нарығында 3 млн шаршы метр десек, оның 80 пайызы – жеке инвестицияға тиесілі, бұл бізді қуантады. Мұны жүйелі түрде жалғастырамыз.

Қолжетімді баспана туралы айтсақ, елордада 2021 жылы 10 мың әлеуметтік пәтер салынады. Бұған қоса «Жұмыс істейтін жастарға арналған жалдамалы тұрғын үй» бағдарламасы жалғасады.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Сапан САҒАҚАЕВ, елорда тұрғыны:

– Індеттің кесірінен көптеген адамдар тұрақты жұмысынан айтырылды. Осы халықты жұмысқа орналастыру мақсатында атқарушы билік қандай жұмыстар жүргізіп жатыр?

Бұл сұраққа Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Азамат БАЙТАСОВ жауап береді:

– Халықты жұмыспен қамту орталығында осы мақсатта түрлі шаралар өткізіліп тұрады. Мәселен, жақында орталық мамандарының, жұмыс берушілердің және жұмыс іздеушілердің қатысуымен ұшжақты қысқа мерзімді кәсіби оқыту курстары ұйымдастырылды. Әңгімелесу кезінде жұмыс беруші таңдау жасаған үміткер белгілі бір мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқуға қабылданады. Оқыту курсы біткеннен кейін оған арнайы сертификат беріліп, ұсынылған мамандық бойынша жұмысқа орналаса алады.

Қысқа мерзімді курстардың ішінде аспаз, наубайханашы, тігінші, шаштараз, кондитер, бақылаушы кассир, тәрбиеші көмекшісі, тәрбиеші, SMM-менеджер, дәнекерлеуші, слесарь-сантехник, кран машинисі, техник-электрик сияқты маман-

дықтар бар. SMM-менеджер мамандығы бойынша оқыту – екі ай, қалғандары бойынша – үш ай.

Бағдарламаға Халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелгендер қатыса алады.



АУДАН ЖАҒАЛЫҒЫ

Сарыарқа ауданының әкімі Есет Байкенге есептік кездесулерде тұрғындар өздерін толғандырып жүрген бірқатар сұрақтар қойған болатын. Оның ішінде қоғамдық көліктердің жүру бағдарына қатысты сауалдар аз емес-ті.



– Тиісті сала қызметкерлерімен бірлесіп бұл мәселені бірнеше рет талқыладық. Ауданның белсенді халыққа қатысты сұрақтарды тындап, мәселелердің шешілуін бірге қарастырып, жоспарға енгіздік. Осыған орай, №4, 34, 71 бағыттардың жүру интервалына байланысты автобустарды көбейту қарастырылуда. №34, 81, 120А, 319 бағыттарының жүру интер-

валдары бақылауға алынды, – деді Е.Байкен.

Сондай-ақ тұрғын алаптардан қала орталығына, сол жағалауға және «Нұр-Сұлтан-1» теміржол вокзалына дейін қатынайтын қоғамдық көліктердің мәселесі де назарда. Ол үшін жаңа маршрут құру жоспарланып, талқыланып жатыр.

Қоғамдық көлік мәселесін реттеуді тұрғындармен бірлесіп талқылау алдағы уақытта да жалғасады.

1995

Бұл – тарихта «тоқсаныншы жылдар» деп аталатын сындарлы кезеңнің дәл ортасы. Күйреген кеңестің құрығынан сытыла алмай, қос бүйірден қысқан қымбатшылық, жаңадан еніп келе жатқан нарықтық реформалар нәпірі мен еркіндік пен сөз бостандығының арыны тасыған тарихи кезеңнің алтын ортасы болды. Халқымыз инфляцияның ащы дәмін татып, қиын шақтарды еңсеріп жатты.

uaisova.a@mail.ru

Айгүл УАЙСОВА

ПАРЛАМЕНТ
НЕГЕ ТАРАДЫ?

Наурыздың 11-інде Президент Н.Назарбаев Республиканың Конституциялық сотынан - азаматша Т.Г.Квятковскаяның талабы бойынша 1995 жылғы наурыздың 6-сында қабылданған қаулысының күшіне енуіне байланысты өзіне бірнеше мәселе бойынша түсінік беруін сұрады.

Сол күні Конституциялық сот Конституциялық соттың шешімін орындауға міндетті тұлға ретінде Мемлекет басшысының сұрау салуын өкімдік мәжілісінде қарап, азаматша Т.Г.Квятковскаяның талабы бойынша 1995 жылғы наурыздың 6-сындағы өз қаулысын түсіндіру бойынша ұйғарым қабылдады.

Сол күні кешкілік Елбасы қазақстандық және шетелдік журналистерге арнап өткізген баспасөз конференциясында республикада тек қана Парламент дағдарысының орын алып отырғанын мәлімдеді.

Конституциялық сот Президент Н.Назарбаевтың да, Жоғарғы Кеңес төрағасы Әбіш Кекілбаевтың да қарсылығына қарамастан Парламентті заңсыз деп жариялап, өкілеттігін тоқтатты.

Сонымен қоса, сол Парламент бекіткен Үкімет те бүкіл құрамымен орнынан түсіп, Парламент сайлауын өткізген Орталық сайлау комиссиясы да таратылды.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ
ҚАБЫЛДАНДЫ

Осы оқиғадан кейін бір жарым айдан кейін, яғни 1995 жылы сәуірдің 29-ында бүкілхалықтық референдум өткізіп, президент өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды. Ал 30 тамызда Қазақстан Президентінің өкілеттігін күшейткен жаңа Конституция қабылданды.

30 тамызда республикалық референдум арқылы елдің негізгі Заңы - Конституциясы қабылданды. Референдум арқылы дауыс беруге 8 миллионнан астам азамат қатысып, жаңа Конституцияны жақтап 7 млн 210 мың адам (89,1 пайыз) дауыс берді. Конституцияның жаңа жобасын талқылауға 3 миллион

345 мыңнан астам қазақстандық қатысып, 31 886 ұсыныстар мен ескертулер жасады, соның нәтижесінде жобаның, 98 бабының 55-іне 1100 түзетулер мен қосымшалар енгізілді, сол сияқты Конституцияға жаңа тарау мен бірқатар жаңа баптар қосылды. Жалпы алғанда Конституция мәтінінің 18 нұсқасы дайындалған.

Ақмолалықтар да өз таңдауын жасады. Ақмола аймақтық сайлау комиссиясы хабарламасы бойынша 30 тамызда өткен республикалық референдумға Ақмоланың 145001 тұрғыны қатысты.

ҰЛЫ АБАЙ ЛАЙЫҚТЫ
ҰЛЫҚТАЛСА...

Алматыдағы Республика сарайында Абайдың 150 жылдығына орай салтанатты мәжіліс өтті. Президент Н.Ә.Назарбаев салтанатты шарада баяндама жасады.

Алматыда алақан соғып отырғанда Ақмолада мына жағдай орын алды. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай газет редакторы Кенже Жұмағұловтың «Абай – адамзаттың мәңгілік рухы» деген мақаласында: «Иә, ЮНЕСКО-ның ұйғарымы бойын-

ша, 1995 – Абай жылы. Ал осынау айтулы мерекеге Ақмола қаласы қалай дайындалуда? Өткен жыл көлемінде екі-үш шағын кештер болып өтті. Содан басқа Абай жайлы, оның әлемдік даналығы жайлы өткізіп жатқан, не соған дайындалу барысы жайлы елең еткізген хабар естімедік. Сонда бұл не? Абайды түсінбеу ме, әлде түсінгісі келмейтін жүрегінде сәулелері жоқтардың шарасыздығы ма?» дей келіп, «Тағы бір мәселе, болашақ астана болатын

Ақмола қаласындағы Абай көшесі туралы болмақшы. Қала аралап, халықтан сұрағанымызда, олар «Абай көшесі жоқ» деді. «Халық айтса қалт айтпайды» демекші, шындығы осыған жақын. Ең сорақысы, ұзындығы 300-400 метр құлағалы тұрған бес-алты жаман там үйлері бар көшесымаққа Абай аты беріліпті. Бұдан асқан қорлау болар ма?» деп автор шамырқанып жазады. («Ақмола ақиқаты» 3 ақпан, 1995 ж.).

АҚМОЛАЛЫҚТАРДЫҢ
ЖАМБЫЛҒА ХАТЫ

Ұлы Жеңістің елу жылдығына арналған нөмірдегі журналист Владимир Коченовтің «Ақмолалықтардың Жамбылға хаты» деген мақаласында ақын атамызға хат жазған майдангер Дүйсекей Сейітов пен Борис Сахаров туралы баяндайды. Осы оқиғаны Дүйсекей қарияның өзі айтып береді. «Ұл 1942 жылы

Волхов майданында болған еді. Волхов қаласы Ленинградтың маңдай алдындағы ең бір күрделі теміржол тораптарының бірі болатын. Сондықтан да жау жанталаса аталмыш қалаға ұмтылды. Осындай қанды қырғынның бір саябыр шағында взвод командирі лейтенант Борис Сахаровпен сөйлесіп, қазақтың алып ақыны

Жамбыл Жабаевқа хат жазды. Бір күні таңертең Мәскеу радиосынан Жамбылға жазған хаттың жауабын диктор мәнерлеп оқып тұр. Оны тыңдаған солдаттардың рухы көтеріліп, басқыншы жауды ойсырата соққыға алды» деп өткен күннен естелік ербітіпті. («Ақмола ақиқаты» 5 мамыр, 1995 ж.).

ҚАТЕРЛІ
СЫНАҚТАН ӨТТІ

1995 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында Елбасы реформаның бірінші кезеңінің алдын ала қо-

рытындыларын жасады. Іс жүзінде бір қаржылық жылда Қазақстан гиперинфляция сияқты қатерлі экономикалық сынақтан өте алды.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ
ТОЛЫҚ ЖОЙЫЛДЫ

1995 жылдың мамыр айының соңына қарай Қазақстан аймағындағы ядролық қару толық жойылды немесе әкетілді, баллистикалық зымырандардың шахтадағы қондырғылары да жойылды. Осылайша,

кеңестік ядролық қаруды мұраға алған, ел алдындағы аса күрделі міндетті – бүкіл әлемнің мүддесіне сәйкес және ұлттық қауіпсіздікке ешқандай нұқсан келтірмей шешілді.

АССАМБЛЕЯ
АШЫЛДЫ

1995 жылы 1 наурызда Президент Жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. 1995 жылғы 1 наурызда Мемлекет басшысы жанындағы қоғамдық консультативтік-кеңесші орган Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Оның мақсаты - қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту болды.

1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халықтары Ассамблеясы (ҚХА) сессиясы ашылды. Онда Президент Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту мақсатында бүкілхалықтық референдум өткізу туралы ұсыныс енгізілді. Өйткені Елбасының бұл қызметте болуының бірінші конституциялық мерзімі 1996 жылдың желтоқсанында аяқталатын еді.

УНИВЕРСИТЕТ
ІРГЕТАСЫ
ҚАЛАНДЫ

12 маусымда ҚР Президенті Н.Назарбаев Алматыда Түркия Республикасының Президенті С.Демирельді қабылдады. Маусымның 14 күні Нұрсұлтан Назарбаев пен Сүлеймен Демирель Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. Бұдан кейін олар Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің жаңа ғимаратының іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Өз кезегінде С.Демирель осы жоғары оқу орнында тек Қазақстан мен Түркияның ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия мемлекеттерінің, басқа да түркі тілдес елдердің жастары да оқитынын атап өтті.

САЛЫҚ САНЫ
ҚЫСҚАРДЫ

1995 жылдың 24 сәуірінде «Салықтар және басқа да бюджетке түсетін міндетті төлемдер туралы» Жарлық күшіне енді. Салықтар саны 11-ге дейін қысқарып, олардың орнына кірістің корпоративті салығы енді. Оның орташа мөлшері кезең-кезеңмен төмендетілді. Салыққа байланысты көзқарастың өзі де өзгерді – енді мемлекет одан тек қана мемлекеттік бюджетті толтыруды ғана емес, сондай-ақ инвестицияларды ынталандырудың, соған сәйкес өндірісті дамытудың тетігін көрді.

ҚАСЫМ
ҚАЙСЕНОВ –
ХАЛЫҚ
ҚАҺАРМАНЫ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдық торқалы тойын ТМД елдері арасындағы уағдаластық бойынша ортақ мерекелеу ұйғарылған. 26 сәуірде Елбасы майдангер-ардагерлердің бір тобын мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды. Олардың ішінде аты аңызға айналған партизан-жазушы Қасым Қайсеновке «Халық қаһарманы» атағы беріліп, «Алтын жұлдыз» белгісі тапсырылды.



АСТАНА АУЫСАДЫ

1995 жылғы 15 қыркүйекте «Қазақстан Республикасы астанасы туралы» ҚР Президентінің Жарлығы шықты.

Ақмола – республиканың негізгі аумағына қарағанда оның орта тұсында, Қазақстанның географиялық кіндігіне жақын орналасқан. Көптеген өлшемдер бойынша жүргізілген талдау бойынша (әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климат, ландшафт, қоршаған ортасы, инженерлік және көліктік инфрақұрылым және басқалары, осы таңдаудың негізді екенін көрсетіп берді.

Астананы Ақмолаға көшіру, саяси, экономикалық тұрғыдан және жалпы алғанда біздің мемлекетімізді дамыту болашағының тұрғысынан алғанда да әбден орынды деген мамандардың талдауы жаңа жобаның жарқын болашағын айқындады. Бір сөзбен айтқанда, астананы Ақмолаға көшіру мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтудағы алғышарттарының бірі болды. Осы тоқтамнан кейін қалың қазақ елі көш көлігін қамдап, ұлы көштің басын Арқаға қарай түзей бастады.

ТҮНДЕ ЖАРЫҚ, КҮНДІЗ ГАЗ ЖОҚ

Тоқсаныншы жылдардың қымбатшылығы туралы жергілікті «Ақмола ақиқаты» газетінде «Түнде жарық, күндіз газ жоқ» деген мақалада айтылыпты.

«Мына қиын заманда еңбек пен зейнетақыларын да кезінде ала алмай жүрген ақмолалықтардың қалт-құлт күн кешуі аздай, оларды біресе электр қуатымен, біресе

газбен қамтамасыз етпеуі тіпті қалжыратып барады. Газ бен электр қуатының қымбаттығы жаңа бір батса, солардың мезгілімен болмай тұрғаны тағы да қинайды.

– Екі сағат бойына қажетті электр қуаты уақытында берілмесе және ол туралы бізге алдын ала хабарланбаса, – дейді «Керамик акционерлік қоғамы кәсіподақ коми-

тетінің төрағасы А.Деменов, – кәсіпорын жарты миллион теңгенің өнімін жоғалтады. Осындай кездейсоқ кедергінің салдарынан өткен жылғы қараша-желтоқсан айларында 17 миллион теңгенің өнімі кем тапсырылды». Газет оқырмандарына мұның себебін көмірдің – 150, мазуттың 200 есе қымбаттағанымен деп түсіндіреді.





bi_barys01@mail.ru
Дәулет АСАЕВ

«LRT-ның тағдыры қалалықтарды толғандырады. Оның құрылысына тек екінші деңгейлі қазақстандық банктерден ғана емес, халықаралық банктерден де қаржы тарту жағы көзделгендіктен, індет кезінде бұл жоба тоқтап қалды. Енді ол әңгіме қайтадан жандана бастады» деді астана әкімі Алтай Көлгінов.

ЛИРИКАЛЫҚ ШЕГІНІС...

Естеріңізге сала кетейік, о баста Нұр-Сұлтан қаласында LRT құрылысы 1,8 миллиард долларға бағаланған. Бұл жағдайда Қытайдың Даму банкінен қарыз алып, оны 2,6 миллиард доллар қылып қайтару керек болды. Бірақ әкімдік мұндай ниеттен бірден бас тартқан.

– Осының арқасында 800 миллион долларды үнемдеп қалдық. Сондай-ақ жолаушы ағынын ескере отырып, жылжымалы құрамның саны 19-дан 12-ге дейін шегерілді. LRT жолының әуежайға дейінгі қашықтығы – 22,5 км. Аралықтағы жоспарланған стансалар саны 18 болатын, ол 11-ге дейін азайтылды. Бұған қоса жаяу жүргіншілер жолағы мен жерасты өтпесін оңтайландырамыз. Жалпы құрылыс-монтаждау жұмыстарында 350 миллион доллар үнемдеу қарастырылған. Сонда LRT жобасының түпкілікті құны 1,5 миллиард доллар болады, – деген еді қала әкімі Алтай Көлгінов 2019 жылдың күзінде Үкімет сағатында.

Кейін LRT құрылысы тоқтатылды. 2020 жылдың қазан айында жобаны жүзеге асыру барысында 5,8 млрд теңгені жымқыру фактісі бойынша қозғалған қылмыстық іс сотқа беріліп, «Астана LRT» ЖШС басқарма төрағасы Талғат Арданға халықаралық іздеу жарияланған болатын.

ӘЛЕМДЕ LRT ЖҮЙЕСІ ДАМУ ҮСТІНДЕ

LRT-ның болашағы зор: әлемде 80 қалада оның құрылысы басталып кеткен немесе бұл жобаны жақын күндері қолға алуды жоспарлап отыр. Халықаралық қоғамдық көлік одағының (ХҚКО) дерегі бойынша қазіргі кезде LRT қауіпсіздігі жоғары көлік ретінде қайта жаңғыртылууда. LRT желісі алты құрылықта 53 мемлекетке құлашын жайған. Күн сайын онымен 388 қалада 45 млн жолаушы тасымалданады.

1950-1970 жылдары кейбір елдер автомобильдер ағынынөпіріне шыдамай трамвай торпатарын жойып жатқанда, енді бір елдер



LRT «ЖЫРЫ» БІТЕ МЕ?

Елорда әкімі Алтай Көлгінов жақында қала тұрғындарымен болған есеп беру кездесуінде астанада LRT (жеңілрельсті көлік) құрылысы жалғасатынын, қазіргі күні оған инвестиция тарту үшін банктермен жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты.

жылжымалы құрамдарды жетілдірумен немесе трамвай жолдарын оқшаулаумен айналысты. Сөйтіп LRT құру бойынша жоба дүниеге келді. LRT-ны дамытудың екінші толқыны Еуропа мен Солтүстік Америкада сексенінші жылдардың ортасына таман басталды. Бұл мемлекеттерде жартылай бөлшектеліп алынып тасталған трамвай жолдары қайтадан жаңадан салынды.

2000-2015 жылдар аралығында жаңадан 70 LRT жүйесі дүниеге келді. Тек бір ғана 2016 жылы 19 мемлекетте 289 км жол салынды. Рио-де-Жанейрода, Циндаода, Бьдгоште, Канзас-Ситиде, Сизтле мен Вашингтонда жаңа желілер ашылды. 2000 жылдан бастап LRT

желілері Таяу Шығыста, Азия-Тынық мұхит өңірінде және Африкада пайда болды.

LRT жүйесі автомобильден алты есе қауіпсіз. Халықаралық қоғамдық көлік одағы жеңілрельсті көлік комитетінің дерегі бойынша әлемнің 15 ірі қалаларында жол-көлік оқиғалары автомобильмен салыстырғанда (2,86) LRT-да миллион жолаушы шақырымға 0,47-ден келген. Егер үшінші тараптардың қатысуы болмаса, LRT жүргізушілерінің өздері жол оқиғаларына одан да аз ұшырайды. Ал жеңілрельсті жедел көліктің оқшауланған жолдармен жүруі және бағдарламаларда оның қозғалысына басымдылық берілуі автомобильдермен соқтығысу қаупін

төмендеті түседі. Сонымен қатар, бүгінде әлемде әзірленіп жатқан жүргізушіге қауіптерді алдын ала ескертетін автономдық басқару жүйесі жол-көлік оқиғасының ықтималдығын одан әрі азайтады.

АЛМАТЫ LRT ҚҰРЫЛЫСЫ САЛЫНА МА?

Алматыда LRT құрылысын қолға аламыз дегенді 16 жыл өтіпті. Әлбетте жоба аса қымбатқа шығатындықтан, бар мәселе қаржыға келіп тіреліп тұр. 1985 жылы Қазгипркоммунстрой институты Ақсай мөлтек ауданынан Талғардың айналма жоуына дейін баратын жедел трамвай желісінің жобасын

әзірлеген еді. Бірақ жоба әлі күнге нақты іске асырылған жоқ.

Қазіргі кезде LRT құрылысы бюджетке көп салмақ түсіретіндіктен, оған жеке инвестиция тарту жайы қарастырылып жатыр. Жобаның құны 130 млрд теңгені құрайды. 2019 жылы қаңтарда арнайы комиссияның шешімімен оның құрылысын жүргізу үшін халықаралық ашық конкурстың бірінші кезеңіне төрт консорциум жіберілді. Екінші кезеңде жобаның қаржылық және техникалық сипаттамасы үздік деп танылған компанияға таңдау жасалатын болады. Дегенмен әзірге екінші кезең қашан өтетіні белгіленген жоқ.

ЖАҚЫН КӨРШІЛЕРДЕ:

Ресей
Ресейде бүгінде жеңілрельсті көлік ұғымына сай келетін жүйе жоқ. Сонымен қатар, оның түріне жататын 4 қаласында жедел трамвай желісі бар: ескі Оскол, Усть-Илимск, Волгоград және Ижевск.

Қазіргі кезде Санкт-Петербурда жедел трамвай мен жеңіл метроның сипаттарын қамтитын LRT жүйесі құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Бұл «жерүсті экспресі» жылына 186 млн жолаушы тасиды, жолының ұзындығы – 26 км. Жоба құны – 18 млрд рубль.

LRT жобасының құрылысы Мәскеуде де жоспарланған. Ол Мәскеу облысының 4 хордалық желісін жалап, жалпы қашықтығы 241 шақырымдық айналма жолды құрайды. Оңтүстік хордалық желі: Подольск – Климовск – Домодедово – Домодедово әуежайы – Константиново – Раменское;

Шығыс хордалық желі: Константиново – Лыткарино – Котельники – Люберцы – Мәскеу – Железнодорожный – Балашиха;

Солтүстік хордалық желі: Мытищи – Королев – Юбилейный – Ивanteeвкa – Фрязино – Щелково – Балашиха, Ивanteeвкa – Пушкино тармағы;

Батыс хордалық желі: Мытищи – Долгопрудный – Шереметьево әуежайы – Химки – Мәскеу (Курино) – Путилково Мәскеу (Митино) – Красногорск (Мякинино) – Одинцово – Одинцово «Сити» – Мәскеу (Внуково әуежайы – Остафьево) – Подольск.


LRT-ның Мәскеу түбіндегі оңтүстік учаскесін 2022 жылы жіберу жоспарланған.

Өзбекстан
Өзбекстанда алғашқы жерүсті айналма метроның бірінші кезеңі іске қосылды. Ауқымды жобаның жұмысы 2017 жылы басталған болатын. «Дуслык-2» стансасынан «Қуйлоқ» стансасына дейінгі 11 шақырымдық қашықтықты қамтитын аралықта 7 станса салынды. LRT-ның басынан соңғы аялдамаға дейінгі жолда жүру уақыты – 19 минут. Осы маршрут бойынша 4 вагоннан құралған 4 пойыз жүреді. Желі тәулігіне 46 мың жолаушыға қызмет көрсетуге қабілетті. Жобаның жалпы құны – 422 миллион доллар.

LRT құрылысы: Дубайда 1 шақырым – 120 миллион доллар, Сеулде 1 шақырым – 110 миллион доллар, Нұр-Сұлтан қаласында 1 шақырым 68 миллион теңге тұрады

ҮЙІРМЕГЕ ҮЙІР БОЛ!

Елордада қалалық мәслихат депутаттары жаңадан ашылған білім беру нысандарын аралады.



karkynktem@gmail.com
Көктем ҚАРҚЫН

Шара №90 мектеп-гимназиясының жанындағы «Шұғыла» community-орталығынан басталды. Жиналған білім саласының қызметкерлері мен депутаттар орталықтың жұмыс барысымен, карантин жағдайындағы үйірмелердің онлайн оқыту жүйесімен танысты. Соңғы жылдары шалғай аудандар мен тұрғын үй алаптарында оқушыларға қосымша білім беретін community-орталықтарды ашу жаппай қолға алынған еді. Сәйкесінше, елордадағы екі Оқушылар сарайы шеткі аймақтағы мектептерден филиалдарын ашты. «Шұғыла» community-орталығында робот техникасы және 3D-модельдеу, хореография, лингвистика,

домбыра, шахмат, тоғызқұмалақ, вокал үйірмелері жұмыс істейді. Сабақтарды Оқушылар сарайының мұғалімдері өткізеді.

– Орталық 1 ақпаннан бастап жұмыс істейді. Қазіргі таңда 355 бала қосымша тегін білім алууда. Барлығы 7 үйірме бар. Жоспар бойынша алдағы уақытта оқушылар санын 600-ге дейін жеткізбекшіміз. Қаламызда дәл осындай «Шұғыла» community-орталығы 5 мектепте жұмыс істейді. Көбіне қаланың шет мектептерінде орналасқан. Өйткені көп балаларда Оқушылар сарайына келетіндей мүмкіндік жоқ. Сондықтан біз балаларға барынша қолжетімді өңірлерде ашуды мақсат еттік, – деді әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы директорының төрбие ісі жөніндегі орынбасары Медет Қазиханұлы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тұрғын үй кешендерінің төменгі

қабаттарынан әлеуметтік маңызы бар нысандар ашу туралы бастама көтерген еді. Соған сай «Жағалаудағы» жаңадан салынған бірнеше тұрғын үйдің төменгі қабаттары оқушылар игілігіне пайдалануға берілді. «ArtTumar» сәндік-қолданбалы өнер орталығы №2 өнер мектебінің жанынан жұмыс істейді. Мұнда көркем тоқыма, ағаш ою, зергерлік өнер, құрақ құрау, кесте тігу, қыш өнері, тері өңдеу сыныптары бойынша – барлығы алты үйірме бар.

– Өнер орталығының сыйымдылығы 552 балаға шақталған. Арнайы станоктармен, тігін машиналарымен жұмыс істеу балаларға қауіпті. Сондықтан орталық 10-15 жас аралығындағы оқушыларды қабылдайды. Бұл жерде ұлттық қолөнерімізді дәріптейміз. Қаламызда №2 өнер мектебінің дәл осындай 11 орталығы бар, –

деді орталық директоры Гүлмира Жангелді.

Дегенмен бірнеше ай бұрын ашылған «ArtTumar» сәндік-қолданбалы өнер орталығының кейбір үйірмелеріне балалардың қызығушылығы аз көрінеді. Сондықтан депутаттар бос тұрған кабинеттерге сұранысқа ие шахмат, сурет сынды бағыттарды енгізуді ұсынды.

Бұдан кейін шараға қатысушылар «ARQA ALAN» балалар мен жасөспірімдер орталығына бас сұқты. Мұнда қазақ күресі, тоғызқұмалақ пен шахмат, асық ату үйірмелері жұмыс істейді. Спорт орталығы 550 балаға арналған. Жаттықтырушылары да осал емес. Қазақстан мен Азияның чемпиондары мен спорт шеберлері сабақ береді. Бір-біріне жақын орналасқан жаңа нысандардың ерекшелігі – заманауи дизайн мен техникалық

базалардың жеткілікті болуы. Кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған «Аспаздық студия» барлық халықаралық стандарттарға сай жасакталған. Мейрамхана кешенінде оқу процесіне қажетті заттың бәрі бар. Аспаздық студияға республикалық бюджеттен ішкі құрал-жабдықтары алынаса, жергілікті бюджеттен жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жастарымыз кәсіптік білім алғаннан кейін осы орталық арқылы ірі мейрамхана желілеріне жұмысқа орналаса алады. Әлем бойынша жұмысшы мамандықтар арасындағы ең танымал «WorldSkills» жарысына осы студияда дайындалуға болады. Сондай-ақ нысанда қысқа мерзімді курстар өткізу де жоспарланып отыр.

– Жаңадан ашылған білім беру нысандары сол маңдағы бала-

ларға қолжетімді. Қаламыздың шеткі аймақтарындағы жаңадан салынған үйірме орналасқан. Қазіргі кезде ұлттық спорт пен ұлттық дәстүрімізді ұмыт қалдырмауымыз керек. Осы орайда жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты ояту мақсатында ерекше үйірмелердің заманауи үлгіде жұмыс істей бастағандығы қуантады. Тек бұл үйірмелерді насихаттау жағы жетіспейді. Асық атуға, тоғызқұмалаққа, киіз басуға оқушылардың қызығушылығы ерекше екенін байқадық. Енді осы үйірмелердің жұмысы мамандықтар арасындағы ең танымал «WorldSkills» жарысына осы студияда дайындалуға болады. Сондай-ақ нысанда қысқа мерзімді курстар өткізу де жоспарланып отыр.


– Жаңадан ашылған білім беру нысандары сол маңдағы бала-



ЕЛДЕН НЕГЕ КЕТТІ ЕКЕН?

10 ЖЫЛДА 366 МЫҢ АДАМ ҚАЗАҚСТАННАН ҚОНЫС АУДАРДЫ

«Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген тәмсіл қазір ескіріп бара жатқандай көрінеді. Ескіргені емей немене, өткен жылы 29 100 (!) адам Қазақстанға қол бұлғап, шетелдерге көшіп кетіпті! Олардың арасында білікті кәсіби дәрігерлер, мұғалімдер, экономистер бар. Ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке сүйенсек, 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы елден кеткен қазақстандықтардың саны 35,6 пайызға азайған. Сондай-ақ өткен жылы елімізге 11,4 мың мигрант қоныс аударыпты. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырсақ, 6,6 пайызға кем. Ал соңғы 10 жылда елімізден шетелдерге 366 мыңнан (!) аса адам біржола көшіп кеткен.



tolen_tleubaev@mail.ru

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Енді статистикалық деректерді сөйлете отырып, көшіп кеткен адамдардың ұлты, білімі, мамандығы және олардың қай елдерге барғанына тоқталайық. Өткен жылы Қазақстаннан басқа елдерге 20 313 орыс, 2 481 неміс, 2 097 украин, 1 311 қазақ, 807 татар, 423 поляк, 355 беларусь, 183 кәріс, 138 өзбек, 113 азербайжан, 90 шешен, 75 молдован, 63 башқұрт, 58 грек, 52 болгар, 50 армян және басқа ұлт өкілдері қоныс аударыпты. Соның ессесіне елімізге 5 575 қазақ, 2 651 орыс, 506 өзбек, 310 түрік, 278 қырғыз, 267 азербайжан, 230 украин, 219 қарақалпақ, 204 неміс, 182 тәжік, 162 татар, 144 кәріс, 126 ауган, 46 түрікмен, 45 шешен, 44 беларусь, 40 ұйғыр көшіп келіпті.

Білімі бойынша алып қарасақ, елден кеткен 29 мыңнан астам адамның 8 183-інің жоғары білімі бар екен, бұл 15 жастан асқан мигранттардың жалпы санының 37,7 пайызын құрайды. Қалған 7 417 адамның орта кәсіби білімі бар, 4 334 адамның жалпы орта білімі бар, 1 746 адамның негізгі орта

білімі бар. Көшіп келгендердің ішінде 1 873 адамның – жоғары, 2 527 адамның – орта кәсіби, 3 447 адамның – жалпы орта, 1 777 адамның негізгі орта білімі бар. Демек, елімізден білімді, білікті мамандар шетке кетіп жатыр деген сөз. Қазақстанға қолын бұлғағандардың 4 471-і – жоғары техникалық мамандығы бар азаматтар, 2332-сі – экономист, 1454-і – педагог, 759-ы – дәрігер, 541-і – заңгер, 447-сі – сәулетші-құрылысшы, 230-ы – ауыл шаруашылығы маманы, 5365-і – өзге мамандық иелері.

«МЕН РЕСЕЙГЕ КӨШЕМІН»

Егер статистиканы елдер бойынша сөйлететін болсақ, 29 100 адамның 25 139-ы – көшере Ресейді таңдаған. Бұған не себеп болды деп ойлайсыз? 2020 жылдың жазында Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин Қазақстан, Украина, Молдова, Беларусь турғындарына ресейлік азаматтықты алу жолдарын жеңілдету туралы заңға қол қойғаны мәлім.

Заңдағы өзгеріске сәйкес, бұдан былай ресей азаматтығын алуға етініш берерде басқа елдің төлқұжатынан бас тарту қажет емес. Сондай-ақ азаматтық алуға соңғы үш жылда Ресей аумағында тұруы міндетті деген ереже де алынып тасталды. Тағы бір түзету, бұрын Ресейде жоғары білім алған жастар өзінің Отанында кем дегенде үш жыл жұмыс істеуі тиіс болса, бұл мерзім енді 1 жылға қысқарды.

Қазақстандық сарапшылар заңнамаға енгізілген мұндай өзгерістер елімізден көптеген азаматтардың Ресейге ағылуына себепші болады деген пікір білдірді. Саясаттанушы Данияр Әшімбаев теріскейдегі көршімізде халықты көшіру бағдарламасы бірнеше жылдардан бері жүзеге асырылып, өзінің нәтижесін бергенін айтады. Сарапшы Ресейдің Орталық Азия және Кавказ елдерінің жастары үшін білім беру мигранциясының орталығына айналғанын, бұл үрдіс халықты Ресейге көшіруге септігін тигізгенін тілге тиек етті. «Көптеген қазақтың жастары сол жақта білім алғаннан кейін, келешегі мол жұмыс орнын тауып, қалып қояды. Ал Қазақстанда мемлекеттік қызметке кіріп, мансап жасау оңай емес. Яғни, кез келген маманның кәсіби тұрғыдан өз еңбегімен өсуіне

біздің елде әлі күнге толық жағдай жасалмаған. Ресейде бұл жағынан мүмкіндік мол» дейді ол.

Данияр Әшімбаев көптеген қазақстандықтардың шетелдерге қоныс аударуы отандық еңбек нарығына біліксіз, тәжірибесіз және мамандығы жоқ азаматтардың көптеп келуін өте жағымсыз үрдіске жатқызады. Ол іс жүзінде орыстар, еврейлер, немістер елімізден көшіп кетіп, қазақтар оралып жатқанына қарсы емес. Алайда кәсіби тұрғыдан біз көптеген ең талантты, білікті ғалымдардан, дәрігерлерден, педагогтардан айрылдық. Олардың орнына Қазақстанға орта білімі бар, жұмыс тәжірибесі жоқ, қазақстандық заңнаманы білмейтін адамдар келіп жатыр. Бұл үрдіс отандық еңбек нарығын дамуға емес, құлдырауға алып барады. «Елімізде жүзеге асырылып жатқан көптеген бағдарламаларға қарамастан, деиндустриализация жүріп жатыр. Мемлекет жүргізген ұлттық саясатқа біздің қоғамдағы трайбализм, тілдік мәселе және басқа да жағымсыз факторлар кері әсер етуде. Мұндай жағдай мамандардың өсуіне кедергі жасайды. Қазір Қазақстаннан тек қана славяндар емес, қазақтар да көшіп жатыр. Олар – мемлекет білім беру, жұмысқа орналасу сияқты әлеуметтік мәселелерін шешпеген соң өзінің келешегін басқа елдермен байланыстыруға бел буғандар. Бұл – бізге теріс әсерін тигізетін жағдай. Бұл жағдайды өзгерту үшін, біріншіден, мемлекеттік басқару сапасын арттыратын, сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күресетін, мемлекет тарапынан шығарылатын саяси шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ететін саяси реформаларды жүзеге асыру қажет. Қазақстан басшылығының көршімізге – мигранттарға қатысты ешқандай ынталандыру іс-ша-



Өткен жылы Қазақстаннан басқа елдерге **20 313 орыс, 2 481 неміс, 2 097 украин, 1 311 қазақ, 807 татар, 423 поляк, 355 беларусь, 183 кәріс, 138 өзбек, 113 азербайжан, 90 шешен, 75 молдован, 63 башқұрт, 58 грек, 52 болгар, 50 армян және басқа ұлт өкілдері** қоныс аударыпты

раларын жүргізбейтіні. Елден кету – патриоттыққа жатпайды деген мәңгісіз мәлімдемелер ештеңе өзгерпейді» деп сөзін түйіндеді Д.Әшімбаев. Еліміздегі ресми статистика негізінде жасалған рейтинг бойынша қазақстандық эмигранттардың 88 пайызы (!) Ресей Федерациясына көшеді. Деректерге жасалған талдаудан байқалғандай, көршілес елге көбінесе солтүстік, орталық, шығыс өңірлердің тұрғындары қоныс аударады. Белгілі са-

рапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ирина Черных мұның негізгі себептерін бірнеше факторлармен байланыстырады. «Біріншіден, Ресей мен Қазақстанның ортақ экономикалық кеңістікте – яғни, еркін еңбек нарығында өмір сүруі, бір-біріне жақын орналасуы, бұрынғы еларлық байланыстардың сақталуы қазақстандықтарды Ресейге көшуге итермелейді. Қазақстандықтар Ресейде өздерін жат елдегідей сезінбейді. Көшуге заңдық тұрғыдан ешқандай тосқауыл жоқ. Екіншіден, сол жақтағы туыс, таныстарымен арадағы жылы қоғамнан көшпелілер бұрын көшіп барғандармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Топық ақпарат алып, субъективті түрде шешім қабылдайды. Көбінесе үлкен қалаға қоныс аударады. Үшіншіден, Ресейдегі экономикалық-әлеуметтік ахуал да өз әсерін тигізеді. Жоғары жалақы, арзан және сапалы білім алу, өмір сүруге және жұмыс істеуге қолайлы жағдайлардың болуы. Төртіншіден, құлтурологиялық фактор. Яғни, орыс тілін білгендіктен тілдік кедергілердің болмауы, мәдени ұқсастықтар әр адамның жаңа қоғамнан өз орнын тезірек табуға көмектеседі. Бесіншіден, мигранттарға қолайлы бағдарламалардың

жүзеге асырылуы, қолжетімді әлеуметтік сатылардың болуы да үлкен әсерін тигізеді. Тағы бір фактор – Қазақстандағы ұлтшылдық үрейі. Мысалы, Қордай оқиғасы елімізден көптеген өзге этнос өкілдерінің көшуіне әсер етті. Айтпақшы, көшіп жатқандардың арасында қазақтардың үлесі де өсіп келеді. Атап айтқанда, 2000 жылдарға дейін Қазақстан мигранттар үшін тек транзиттік ел болып келсе, қазір өзі де мигранттарды қабылдайтын мемлекетке айналды. Миграциялық бәсекеге араласу да көшіп-қон процестеріне ықпал жасайды» дейді И.Черных. Сарапшы кез келген адамның басқа бір елге қоныс аударамын деген шешімі субъективті мәселе екенін айтты.

«ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҮЛЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ»

«Стратегия» әлеуметі және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының үйлестірушісі Ольга Симанкова соңғы жылдары қазақтардың да Қазақстаннан көшіп жатқанын жоққа шығармайды. Ол бұрын эмигранттарға қазақ тілін білмеуі, тұрмыстағы дискомфорт, мәдени-тілдік жағынан кемсіту сияқты мәселелер көшуге ықпал еткенін айтады. «Бірақ көшіп жатқандардың арасында қазақтардың үлесінің артуы – тілден басқа да мәселелердің пайда болғанын көрсетеді. Статистикалық мәліметтер растап отырғандай, эмиграцияның жалпы көлеміндегі қазақтардың үлесі көп емес, бірақ өсіп келеді. 2019 жылғы дерекке сүйенсек, қазақтар көбінесе Ресейге (63 пайыз), Өзбекстанға (8 пайыз), Германияға (6 пайыз), АҚШ-қа (5 пайыз) және басқа елдерге көшкен. Демек, жоғары жалақы алуға қабілеті бар білікті маман елімізден өзінің мақсатына жете алмаған соң, шетелге көшеді. Меніңше, көптеген білікті, кәсіби мамандар үшін Қазақстанда бюрократтық, жемқорлық сияқты жетіқұрттардың аяққа тұсау болатынын жасраймы айтпау тиіспіз» дейді О.Симанкова.

ӘКЕ ҚАДІРІ ЖОҚ ЖҰРТҚА ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫҚ?

Жол-жөнекей такси жүргізушісі мен жолаушы жігіттің әңгімесіне күә болдым. Екеуі елімізде қабылданады деген адам құқығын қорғау туралы заңдар еркектердің мысын басып, тек тұқыртуға арналғанын айтып, шағымданып отыр екен. «Бала құқығын, әйел құқығын қорғау деп әуелі, өз қатын-баламызға ие бола алмайтын халге жеттік. Аузымызды ашсақ, сотталамыз» дейді. Сөздерінің жаны бар-ау! Рас, қазір әкелер құқығын қорғайтын заң жоқ. Соның кесірі ме екен, Қазақстанда бес миллионға жуық отбасы болса, соның әр бесінші-алтыншы отбасында балалар әкесіз өсіп жатыр екен. «Итті ісімімен қинасын» деген отбасы ұстанымына берік ұлт едік. Әке қадірі қашқан ұлтқа айналдық осы күні.

ҰЛТ САНАСЫН ТАЗАРТТЫҚ ПА?

Қазақ жерінің иесі, әрі қорғаны – қазақ ерлері жер мен ұлттық құндылығы үшін қашаннан күрескен. Сонау 683-734 жылы өмір сүрген Білге хан Қаған «Түнде ұйқы көрмедім, күндіз күлмедім, қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді, күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін!» деген екен. 1273 жылы қазақ халқы аштан қырылды. Қашып-босып жер бетінен ұлт ретінде жойылу алдында тұрған да Абылай хан қазақтың басын біріктіріп, қалмаққа қарсы шыққан «Аңырақай» шайқасы да ұлттық үшін күрес еді. Ал бертіңде Кенесары хан – қазақ елін бодандыққа бермейтін деп арыстандай атылып тұған керек жаудан қызылшай қорған ер. Дұшпанға дес бермеген қазақ еркегі осындай ержүрек еді. «Аңдыған дұшпан алмай қоймас» деген, орыс патшасының жымсықшылықпен жүргізген саясаты қазақ ерлерінің рухын сындырып тынды. Орыс патшасынан кейін, қазақтың ішкі саясатына ықпалын жүргізген Кеңес өкіметі 1920-38 жылдары қазақты қуғын-сүргінге ұшыратып, атып-асып, әдейі аштыққа ұрындыруы зардабын, қазіргі аштықтан келгендей өз ұлтын өзі аш қасқырдай талап жатуын, сол заманда тартқан аш-жалаңаштықтың ұлт санасында ашы із қалдыруынан деп білеміз.

ЕЛ МЕН ЖЕРГЕ КІМ ИЕ БОЛАДЫ?

Олар мақсаттарына жету үшін, ең әуелі қазақ отбасы институтын ыдыратып, құл-талқанын шығару керек болды. Әсіресе, ел мен жер иесі, қорғаны ұлт тәрбиесін әлсіретіп,

рухын жасыру бірінші кезекте тұрды. Кеңестік жүйенің адам психологиясын меңгерген мықты психологтар жұмыс істеп, әйел бұзылса, ұл-қыз тәрбиесі бұзылатынын анықтады. Отарлау мақсатымен «қазақтарда әйел теңдігі жоқ» деген өтірік ойлап тауып, қазақ әйелін қоғамдық жұмысқа шығарды. Кеңес өкіметі орнағанға дейін отбасында ұрпақ тәрбиесімен айналысып келген қазақ әйелі, отарлау саясатының бұл отбасылық құйтырқылықтарына жан ұшыра қарсыласып баққан. «Кеңес өкіметі әйелдерді қоғамдық жұмысқа тартуда ешбір отар елде жүргізілмеген ең озыр саясатпен жүргізді» дейді шетел ғалымы. Сондай-ақ 1920 жылдары «Қазақ әйелдері қоғамдық жұмысқа араласа бастағаннан кейін, кешке қарай қазақ отбасында шаңқ-шұңқ, шаңқылдаған дауыстар шыға бастады» деп жазған тарих

Қазақстан қазір әлем тізімінде отбасы бұзылатын алғашқы ондыққа ілінген. Бұл күні жалғызбасты еркектер саны **60 мыңнан асып жығылады. Ал 300 мыңға жуық** әке өз бауыр еті баласын асырай алмай бас сауғалап қашып жүр екен.

ғылымының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовтың «Қазақтар шетел әдебиетінде» деген кітабында. Қазақ қоғамында «Әйел теңдігі» деп аталатын жасанды саясат күшіне енгеннен кейін, 1950 жылы ажырасуға үйленгендердің 100-сі ұшыраса, 1980 жылы күрт өсіп, әр үшінші 1990 жылы, әр төртінші отбасы некелерін төркі етіп, отбасы «әлеуметтік, қоғамдық қиындықтар тудыру ошағына» айналған. Ұлтты азғындаудың ең бір тамаша әдісі - ұлтқа арақ ішуді үйрету еді. Арақ қаншама отбасының шырқын бұзып, қаншама баланының әкесіз өсуіне себеп болды десеңізші! Соан, билер мен хандар дәуірінде әкенің айбыны мен өз орны бар уақытта әке рұқсатынсыз мәселе шешілмейтін. Әке құрметті еді. Әкесіз бала табу масжара болатын. Тіпті, әкесіз өскен баланы қызметке жібермейтін. Біреулер әкесі бар бала мен әкесіз өскен бала айырмасы жоқ деп айтып жатады. Бірақ белгілі ұстаз Аятжан Ахметжанұлы «Өмірде әке тәрбиесін көрмеген ұл – әке сыйлауды, қыз – күйеуін сыйлауды білмейді» деген.

ҰЛ ТӘРБИЕСІН ҚАЙТА ҚАРАУЫ КЕРЕК

Қазақ қоғамында бүгінде қиюы қашқан отбасы институтын кезінде зерттемеген шетелдік ғалым кемде-кем. Ақсақал, ер, әйел, ене, қыз, ұл психологиясын, тұрмыс-салтын өзімізден артық шағып тастаған екен. 1920 жылы қазақтың қалыптасқан дәстүрлі отбасылық өмір сүру салтын зерттеген М.Олкотт деген шетел ғалымы «Қазақ ерлері досқа адал, батыр, аңқау, бірақ, дұшпанына қатал болып келеді. Ата-анасын қатты сыйлайды. Қазақ ерлеріне ата-анасының айтқаны – заң. Жарына адал. Отбасын аң ау-



лап асырайды. Балаларын өте жақсы көретін болып келеді» деп жазған екен. Мемлекет, қоғам мен қазақ халқы өр рух пен қайсар мінез қайнарын өкениң отбасына мейірім мен адалдығынан, тазалығынан, даналығынан, сұсынан алған. «Тазалық – иманның жартысы» деген. Ғасырлар қойнауынан бізге жазу мен ғылым арқылы жеткен әкелер институтының мұрасын бүгінде танымал өнші Тоқтар Серік өз отбасында ұстануда екен. Ол: «Азанда балаларым аппақ ниетімен бетімен сүйіп мені жұмысқа шығарып салады. Кешке үйге оралғанда балаларымды сол тап-таза ниетпен, таза аурамен құлшым келеді. Бөтен әйелді өбіп келіп, балаларымды құшып, олардың аурасын бұзып, былғағым келмейді. Ұлдарым, отбасын ішкі жан-жүрек тазалығында өссе, ертен өскенде ішкі жан-дүниесі рухани бай, иманды азамат болып өседі» дейді. Бұл – иманы толық өкениң ұрпағына иман жұғыссын деген қазақтық ниет-тілегі. Әлгі шетелдік ғалым М.Олкотт байқаған қазақ отбасындағы әке ниетінің қуат-күші осы болса керек. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін, елде ер адамға жұмыс болмады. Нарықтық қарым-қатынас деген жүйенің қаталдығы ма, әлде қалауы сол болды ма, отбасын асырау әйелге жүктелді. Бұрынғы бұрынғы ма, бұл жолы аналар дала мен қала аралап, сауда жасауға мәжбүр болды. Уақыт өте келе күні бойы жұмыс істеп ақша тапқан әйелді бала тәрбиесінен төрі ақша табу мазалады, отбасын басқару сезімі оянып,

өзімді-өзім асырай аламын деп күйеуінен ажырасу оқиғасы жиіледі. Қазақстан қазір әлем тізімінде отбасы бұзылатын алғашқы ондыққа ілінген. Бұл күні жалғызбасты еркектер саны 60 мыңнан асып жығылады. Ал 300 мыңға жуық әке өз бауыр еті баласын асырай алмай бас сауғалап қашып жүр екен. Бұл – тіркелгендері. Ал тіркелмегендер бұдан әлдеқайда көп екені белгілі. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны баласының жиналысына барғанда, әке тәрбиесін көрмей жалғызбасты ана бауырында өсіп жатқан оқушылардың көп екенін көріп, оларға өкениң аялы алақаным сезінуі үшін садақ тарту, көлік жөндеу, өз жағу сияқты ер адамға тән жұмыстарды үйретуді қолға алып, мектеп жанынан «Әке-тер одағын» құрдым дейді. Бір қарағанда дұрыс көрінгенімен, өзіңіз ойлаңыз, әкесіз ұлдарды анда-санда жинап уақытша «әке орнын сомдап бер» балаға әке орнын көрсетіп бере ме, әлде, жаратылысынан намысшыл ұл баланың жүрегің оған бетер жаралай түсіп, жасқаншақ ете ме? Осы жерде «Әкелер одағы» ұл психологиясының нәзік тұсына мән бермеген сияқты. Осы іске қарап қазақ қоғамы ұлды болашақ әке, ел мен жердің иесі, киесі деп есептемегінің, оның психологиялық, рухани дамуы үшін ғылыми жұмыс жасалмай отырғанын көруге болады. Мұның және бір дәлелі, ұлдарды қорқыту, жуасыту кейбір мұғалімдер арасында жабайы түрде жүретінін көшілік айтып та, жазып та жүр. Қазір біздің қоғамда педагогтік қасиеті мен білімі болмаса да, ебін тауып мұғалім болып жүргендер бар. Оларды ұла тән тентектік жасап қойса қорқытып, үркітіп «тәрбиелейді». «Сені полицияға өткізіп, қиын балалар тізіміне қосамын. Директорға айтып мектептен қудырамын. Ата-анаңды шақыртып, бұзықтығыңды жария қыламын» деген сияқты ұлт тәрбиесі мен психологиясын жасытып, кемсітетін әдіс қолданады екен. Бұның тағы бір себебі, Қазақстанда мұғалімдердің 99 пайызы – әйелдер болуынан. Олардың көбі ұл оқушымен қарым-қатынас тәртібін білмейді. Сондықтан, тек қорқыту әдісін пайдаланады. Мысалы, Қытайда 99 пайыз ер мұғалімдер істейді. Мұның қоғам, ел үшін оның мәні те-

ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

Осы жерде әке тәрбиесін, әке рухын алған ұл қандай болатынын алыстан іздемей-ақ хан Шыңғысхан өмірінен алсақ, Әкесі қайтыс болғанда Шыңғысхан тоғыз жасқа еді. Әкесі өмірмен қоштасар алдында Шыңғысханның бойына еректекті сана, болмыс орнаттып кетті. «Ендігі жерде анаңды, іні-қарындастарыңды саған аманаттаймын. Оларды сен асырайсың. Отбасына бас-көз бол» деп үлкен жауапкершілікті мойнына арттады. Бұл жерде анасының да кішкентай Темучинге отбасын асырап-бағу, қақмор болу, қорғау – сенің құзырың» деп өзін ене, ұлына сенім ұялатып, жауапкершілік артып, ұлын тұрға сезіндіре білуі ақылдың ісі еді. Әке рухымен қаруланған кішкентай Темучин жастайынан үлкен отбасын асырап, әулетіңіз абыройын қорғап, өсе келе ұлт кесемі болып, жарты әлемді бағындырған әскери қолбасшыға айналғанын тарихтан білеміз. Галия атты апай: «Адам болып жаратылғаннан кейін, адамзат салтымен ұл баланы ешқашан төмендетпеу болмайды. Басқа адам түтілі, өз анасы ұл баласын ержүрек болып өссін десе, оған бұйрық беріп, төмендетпеуі керек. Ислам дінінде ұлдың қыздан артықшылығын Алла тағаланың өзі білдірген. Ұл тапқан ананың сүйі, дүниеге қыз әкелген ана сүтінен екі есе құнарлы болатынын ғылым дәлелдеген. Ал бүгінгі ұлдардың ынжық болуы ата-ана ұлын жұқсамайды. Ауашылық көріп өскен ұлдан ешқашан өр мінезді, ержүрек ұл шықпайды» дейді ол.

Дегенмен, азғындықтың зардабын тартқан адамзат адам тәрбиесінде жаңа жол іздеуде. Енді оны түзеу – әкелердің ғана қолында.

Зүбәйра ӘКІМ,
журналист



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 37-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
1) осы қаулының әділет органында мемлекеттік тіркелуі;
2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баста басқымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;
3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органына осы тармақтың 1), 2), 3) тар-

мақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Қ. Солтамбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Солтамбеков

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Д. Досқұлов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Астана қаласы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. «Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 102-2341 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 997 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 ақпанда № 13 (3365) «Астана ақшамы», № 13 (3383) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).
2. «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 102-1472 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1059

болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қыркүйекте № 111 (3463) «Астана ақшамы», № 111 (3481) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).

3. «Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы «Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» № 102-2341 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 102-1582 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1129 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 қазанда № 117 (3622) «Астана ақшамы», № 117 (3622) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).

Осы арқылы Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы, ҚР Азаматтық кодексінің 242-бабына сәйкес төменде аталған жер учаскесі иесіз мүлік ретінде есепке қойылғанын хабарлайды

Table with 6 columns: № п/п, Жер учаскесінің мекенжайы, Алаңы, Жер учаскесінің нысаналы мақсаты, Кадастрлық нөмірі, Жер учаскесінің меншік иесі. Row 1: 1, Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, б/с «Керамик», № 144 учаске, 0,0456, Бағбандық, 21-318-093-039, Шейнер Александр Эдуартович (Шнайдер Виктор Яковлевич) (ЖСН 480515300375)

Осы ақпараттық хабарлама бойынша туындаған барлық мәселелер бойынша мүдделі тұлғалар: Нұр-Сұлтан қаласы, Ә. Мәмбетов көшесі, № 24, «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, 910-кабинет, тел. 55-72-53

ЖЕҢІС ҮШІН ЖАПОН ЖЕРІНДЕ СОҒЫСҚАН ҚАЗАҚТЫҢ ХАС БАТЫРЫ



Құрметті асыл азамат, ер батыр, Ұлы Отан соғысының ардагері, Ішкі істер қызметі органының ардагері, келешек ұрпаққа батырлығымен үлгі болған, кешегі тарихи тұлға, бүгінгі аңыз адам Дукудыбаев Казим атамыз дүниеден озды. Дукудыбаев Казим атамның 16 жылдығында 1924 жылы Ақмола облысы, Астрахан ауданында дүниеге келген. 1942 жылы Қызыл әскер қатарына майданға шақырылған болатын. 298-атқыштар дивизиясы құрамында Жапонияға қарсы Байкал майданында 1945 жылдың 3 қыркүйегіне дейін соғысқан болатын. Төңірдің қорғауымен соғыстан аман-есен жарақатсыз елге оралды. Женістен кейін әскери-құрылыс бөліміне жолданып, Татарстан жол жөндеу құрылысына жіберілді.

Қазақтың хас батыры татар жерінде де қызметте болып, сол бөлімшенің шаруашылық жөнінде меңгерушісі болып, 1950 жылдың мамыр айына дейін іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып қызметтер атқарды. 1950 жылдан бастап, 1973 жылдың тамыз айына дейін Ақмола облысы Ішкі істер басқармасы қылмыстық іздеу бөлімінде жоғары қызметтерді атқарды. 1973-1994 жылдары Ақмола облысының Облыстық ішкі істер басқармасында Ақмола инспекторы болып қызмет атқарды. 1994 жылдан бастап жылдай бойы жақырып еңбегімен зейнеттік жасқа жетіп, зейнеттік демалысқа шықты. Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысының ардагері, «Жеңіс үшін Жапониямен соғыс» төсбелгісімен және мерейтой қарсаңына 12 рет ерен еңбегі үшін арнайы төсбелгілермен марапатталған.

Қалалық Ардагерлер кеңесінің атынан иманды болсын дей отыра, ұл-қыздары, ағайын-туыс жақындарына көңіл айтамыз.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Астана қаласы Ардагерлер кеңесі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЭТИКАСЫ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әділділік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімін мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өз еліне адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Мемлекеттік қызмет мемлекет құрылымының қажетті және маңызды элементі болып табылады. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы байланыстырушы рөл атқарады. Басты критерий – қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру және реттеу бойынша мемлекеттік басқару функцияларын кәсіби орындау және сауатты іске асыру.

Мемлекеттік қызмет үшін имидждің функционалдық және мәртебелік мәні бар. Бұл халықтың оған деген сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметтің, мемлекет жүргізіп отырған қайта құрулардың тиімділігін бағалау өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызметтің имиджі мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің нақты әлеуметтік топтардың және жалпы қоғамның талаптары мен үміттеріне сәйкестік дәрежесін белгілейді.

Осыған орай, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тұжырымдамасының негізгі мақсаттарының бірі этикалық нормаларды жетілдіру болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасының маңызды аспектісі – моральдық тұрғыда өзін-өзі шектеу, яғни басқа азаматтарға қарағанда оларға жоғары талаптарды қойылуы. Мемлекеттік қызметшілер өзінің қызметтік міндеттеріне байланысты адам мен азаматтық құқықтарына, бостандықтарына оң көзқарасымен ерекшеленуге тиіс. Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілердің қарапайым азаматқа қарағанда көбірек мүмкіндіктерінің болғандығынан, оларға көбірек талаптар мен шектеулер қойылады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің стратегиялық міндеті мемлекеттік қызметшілердің әділділік деңгейін арттыру болып табылады. Осы мақсатта Оңтүстік өңірлік уәкілетті институты құрылды, сондай-ақ еліміздің әрбір өңірінде Агенттіктің Әділ жөніндегі кеңесі жұмыс істейді.

Ағымдағы жылдың 25 ақпанында онлайн режимде елордалық Әділ жөніндегі кеңестің кезекті және бірінші отырысы өткізілді, онда 2020 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік органдарының тәртіптік тәжірибесі мен тәртіптік комиссияларының жұмысын талдау қорытындылары қаралды.

Нұр-Сұлтан қаласы МКД Байқоңыр ауданының мемлекеттік кірістер басқармасына заңнама талаптарын бұза отырып қабылданған мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықты күшін жою туралы ұсынымдар берілді. Алматы, Сарыарқа және Байқоңыр аудандары әкімдері аппараттарының Әділ жөніндегі уәкілдерінің есептері тыңдалды.

Елбасы өзінің Жолдауында атап өткендей: «Біз демократиялық дамудың жалғасына танылған заңдылықты мен қоғамымыздың дәстүрлерін үйлестіре отырып, саяси және мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін жетілдіру жолымен әрбір қарай да жүре беретін болмыз... үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдындағы есептілік қағидаттарында... Әкімшілік реформаның басты мақсаты басқарушы аппарат жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру болуы тиіс».

Бүгінгі таңда қоғам қазіргі мемлекеттік қызметтен дәл осыны күтеді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті

БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫ – ӨРТТІҢ ЖИІ ШЫҒУЫНА СЕБЕП



Балалардың отпен ойнауы өрттің жиі шығуына себеп болады. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай өрттер балалардың отпен абыр-жайымен, ересектер тарапынан олардың тізбесі-құлқын бақылаудың жеткіліксіздігінен, ал кейбір жағдайларда ата-аналардың балаларының бос уақытын ұйымдастыра алмауынан болады. 2020 жылдың өткен кезеңінде республика аумағында 13933 өрт болды, оның ішінде 8871 тұрғын үй секторында. 5196 жағдай және балалардың отпен ойнауына байланысты 330 жағдай отты абыайсы пайдалану болып табылады. 20 ақпан күні Жамбыл облысы Талас ауданы Үшарал ауылында Әбдімәлікөвтер отбасының көмелеттік жасқа толмаған бес баласы көз жұмды. Олар Сарысу ауданы Жаңатас қаласындағы пәтердегі өрт салдарынан қаза тапты. «Алдың ала мәліметтер бойынша, өрт ашық от көзінің тез тұтанатын материалдар бетіне, мүмкін, төсек-орын жабдықтарына түсуі салдарынан туындаған. Өрт балалар бөлмесінде болды. Өрт аумағы 16 шаршы метрді құрады. Балалар газбен уланудан қайтыс болды, денелері зақымдалмады, күйіктер жоқ. Үш жастан жеткі жасқа дейінгі балалар өз ойындарында ересектердің өрекеттерінің жиі қайталайды, олардың жұмысына еліктейді. Тәуелсіздік деген ұғымтық әсіресе балалар жалғыз қалған кезде көрінеді. Үйде жалғыз қалған бала сіріңке қорабымен ойнауды шешпейтініне сенімді бола алмайсыз.

Құрметті ата-аналар, балалардың отпен ойнау мәселесі өте өткір. Есте сақтайтын маңызды міндет – ықтимал болатын қайғылы жағдайдың алдын алу, жақын болу. Сіз бен біздің күш-жігеріміз балалардың қатысуымен бола-

тын өрттер мен басқа да оқиғаларды азайту, жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін балалармен күнделікті алдын-алу жұмыстарына бағытталуы керек. Өйткені ең алдымен, ересектер балалардың өрекеттері үшін жауап береді.

Балалардың отпен ойнауынан болатын өрттердің алдын алу шараларын еске саламыз:

- балаларға өрт күзіндіргіші туралы айтыңыз;
- сіріңке мен оттықтар балаларға арналған ойыншықтар емес. Оларды балалар үшін қолжетімді жерлерде қалдырмаңыз. Сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.
- үйде пешті жағуға жас балаларға сенбеңіз және жынып жатқан пешті қараусыз қалдырмаңыз;
- барлық ашық электр розеткаларын «сөндіріңіз», ол үшін арнайы пластикалық штепсельдерді қолданыңыз, олар кез келген аппараттық дүкенде сатылады және өте арзан. Тек қана қауіпсіздік талаптарына сәйкестік сертификаты бар, электр қорек көзінен аспапты автоматты түрде ажырататын құрылғысы бар жарамды аспаптарды пайдалануға болады;
- электр құралдарын қараусыз қалдырмаңыз. Балаларды оларды дұрыс пайдалануға үйретіңіз. Ешбір жағдайда үйде ақаулы немесе үйде жасалған электр құрылғыларын ұстауға болмайды;
- өрт, апат және басқа да төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарды үйретіңіз;
- баланың үйіне өз үйінің мекенжайын билетіндігін тексеріңіз, сонымен қатар онымен бірге құтқару қызметтерінің телефондарын біліп алыңыз, оларды қағазға жазып, телефон аппаратының жанына іліп қойыңыз.

Құрметті ата-аналар! Балаларды өрт күзіндіргіші ережелерін сақтауға өзінің үлгі болыңыз. Балалардың отпен ойнауынан болатын өрттердің алдын алу үшін тісіндіру жұмыстарын жүргізіңіз. Сонда осы себептен түсетіндіру туындау қаупі барынша азайтылады.

Есіңізде болсын, кішіне абыайсыздық үлкен қиындыққа әкелуі мүмкін. Қайғылы жағдайлар балалардың өртте қаза болуының басты себебі олардың қиын жағдайда әрекет ете алмауына екенін айқын көрсетеді. Өрт кезінде балаларда икемді іске қосылады: бала жасынұна тырысады. Керулетіңің астына, үстелдің астына тығылады. Онда оның қасіреті басым. Сондықтан баланы өрт кезінде іс-әрекетке үйретуді ұмытпаңыз.

А.ЕЛЕМСӨВОВА, Алматы ауданы ТЖБ Аға инженері

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №23 (4147) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпанда жағдай бойынша берілді.

Large table with columns for identification number, name, date of birth, and position. It lists various civil servants, military personnel, and candidates for public service across different regions and departments.

(Жалғасы бар)

Сарыарқа ауданы әкімінің аппараты аудан әкімі Байкен Есет Берікұлына ағасы Байқенов Арман Қартайұлының қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



«БҰРҚАСЫНДА» БУЫРҚАНДЫ, БУСАНДЫ

Жарысқа Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Серік Сәпиев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

galy_m_k1963@mail.ru

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Биылғы қыстың соңғы күнінде ұйымдастырылған фестиваль бағдарламасында спорттың 8 түрінен жарыстар өтті. Атап айтқанда, астаналықтар шаңғы жарысы, гір тасын көтеру, қол күресі, пималы хоккей, қармен нысананы дәлдеп ату, автоспорт, мотоспорт және қысқы футбол сайыстарында бақ сынады.

«Құрметті қала тұрғындары мен спортсүйер қауым, бұл «Бұрқасын-2021» қысқы фестивалі дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылады. Көріп отырғанымыздай, сайысқа кішкентай балдан аға буынға дейін қатысып жатыр. Қысқы ойындарға қатысып, белсенділік танытып жатқан спортшыларға үлкен алғыс айтамыз. Біздің мақсатымыз – салауатты өмір салтын және спортты насихаттау. Баршаңызға тілектеспіз, сәттілік тілеймін!» деді Б.Мәкен спорт мерекесінің ашылу салтанатында.

Сонымен қатар, қысқы фестивальге қатысқан елорда тұрғындары мен спортсүйер қауымды Мәдениет және спорт министрлігінің атынан даңқты спортшы Серік Сәпиев құт-

тықтап, шараны ұйымдастырған Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне алғыс білдірді.

Шаңғы жарысына 4 жастағы бұлдіршінен 50 жасқа дейінгі спортшылар қатысты. Сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстанған жас сарбаздар мен әскери қызметшілер спорт сайыстарына түсіп, көпшілікке үлгі көрсетті.

Жарысқа қатысып, жүлделі орынға ие болғандар Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының дипломдары мен медальдарына ие болды. Үздік спортшыларға сыйлықтар да берілді.

Есіл өзені үстінде өткен сайыстар қала тұрғындары үшін шын мәнінде спорт мерекесіне айналғанын аңғардық.



ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА – ЖАС БАЛУАНДАР

Нұр-Сұлтан қаласындағы Жақсылық Үшкөпиров атындағы жекпе-жек сарайында 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен ел чемпионаты мәресіне жетті.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жарысқа еліміздің барлық өңірлерінен 180 спортшы қатысты. «Qazaq kuresi» қауымдастығы бекіткен қазақ күресі ережелері бойынша өткен бәсекеде еліміздің 17 өңірінің балуандары -38, -42, -46, -50, -55, -60, -65, -70, -75, +75 кг салмақ дәрежесінде сынға түсті.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Спорт және Дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Серік Сәпиев, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен және Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Айбек Нұғымаров қатысып, жас балуандарға сәттілік тіледі.

«Жас балуандардың бұл жарысы ерекше жағдайда, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай өтуде. Ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан қазақ күресі дәстүрлі түрде жоғары деңгейде дамып келеді. Елбасымыз - Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлттық

спорт түрлерін соның ішінде, қазақ күресін олимпиадалық ойындар деңгейіне дейін көтеруге күш салуымыз керек. Қазақ спортының дамуына өз үлесімізді қосу керек демекпіз. Сондықтан да бүгінгі жарыста мына жас спортшыларға үлгі болып жүрген барша азаматтарға сәттілік тілеймін» деді Б.Мәкен өз сөзінде.

Елорда әкімінің орынбасары 50, 55, 60 және 65 келіде белдескен балуандардың өнерін тамашалап, жеңіске жеткен жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін арнайы марапаттады.

«Чемпионатқа әр облыстан бір-бір спортшы ғана жолдама алды. Жарыс барлық санитарлық талаптар мен қауіпсіздік ережесіне сай өткізілуде. Жарысқа рейтингтен өткен, арнайы шақырылған үздік 20 төреші төрелік етті. Барлық балуандардың дайындық деңгейі жақсы, бәрі – бір деңгейде, себебі бір жылдан кейінгі бірінші жарысымыз болғандықтан, біраз спортшыларымыздың салмақтары өсті. Барлығы жоғарғы деңгейде өтуде» деді жарыстың бас төрешісі Болат Ақжігітов ризашылық сезіммен.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне чемпионатты ұйымдастырушы - Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы және «Qazaq kuresi» қауымдастығы атынан жүлделер тапсырылды.



ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ



«АМАНЖОЛ» ТРАКТОРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Елордадағы Әскери-тарихи музей орнында, Республика, 2 мекенжайында бір кездері ерекше ескерткіш тұрғанын қазір біреу білер, біреу білмес. Өткен ғасырдың 1979 жылы Қазақстан 1 млрд 250 млн пұт астық жинады. Осы тарихи оқиғаға орай сол кездегі тың астанасы - Целиноград қаласында «К-701» тракторы ескерткіш ретінде орнатылды. «ПМК-57» басшысы Аслан Аведиян техниканы арнайы сол мақсатқа тапсырды. Оның орны бекерден-бекер таңдалмады. Республика даңғылы сол уақытта Тың игерушілер даңғылы аталған еді.

amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ескерткіш суреті сексенінші жылдары хат жіберетін көдімгі конверттерге «Тың» монументтік композициясы, «Алғашқы тың игерушілер» мүсінді композициясы деген әртүрлі атаулармен бедерленді. Қалай дегенмен де, бұл тың мен астық рекорды құрметіне бой көтерген монумент екені анық. Ескерткіштің бір қапталына КСРО басшысы Леонид Брежневтің «Адамдар тыңды көтерді, тың адамдарды көтерді» деген сөзі қашалған. Жас жұбайлар оның жанында суретке түсетін. Ол Ақмола қаласы Астана атанғанша, 1997 жылға дейін бақандай 18 жыл мызғымай бір орында тұрды.

Ал астана Алатау баурайынан ерке Есіл жағасына ресми көшірілген уақытта ескерткішті алып тастау шешімі шығарылады. Қаланың байырғы тұрғындарының көзі ескерткіш көрінісіне әбден үйренгені сонша, ол алынған соң түрлі әңгіме тарата бастайды. Кейбіреулер оның қала шетіне апарылып қойылғанын айта, басқалары қала маңындағы «Родина» кооперативіне жіберілгенін айтады. Тіпті, он сегіз жыл қозғалмай тұрған трактор бірден от алып, жүріп кеткені туралы да сөз тарады. Тракторды сатты немесе ме-



таллаломға тапсырды деген реніштер де болды.

Анығында, қаланың сол кездегі басшысы Аманжол Бөлекбаев 1997 жылдың 11 маусымында тракторды «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэрге сыйға тартты. Ол тракторды көргенде, техниканың қанқадан басқа ештеңесі қалмапты. Бүкіл бөлшектері ұрланып, сым тетіктері жанып кеткен. Директор оны қалпына келтіріп, қала әкімі құрметіне «Аманжол» деген ат

қойды. Сол уақыттан бері бәрі тракторды солай атай бастады. Бір-екі жыл бұрын «Elorda.info» сайтының журналистері агрофирмаға барып, трактордың әлі де «қатардан шықпағанын» көріп, суретке түсірді. Ал оның есігіне бір кезде ескерткіш ретінде Ақмолада тұрғанын хабар беретін темір белгі соғылған. Таюуда трактордың суреті мен видеосы әлеуметтік желіге тарады. Қазір Мақсат деген жігіт тізгініп жүр екен.

